

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ТҮЛКІБАС АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МКК**

ХАТТАМАСЫ № 2024/4

«19» тамыз 2024 жыл

Т.Рысқұлов ауылы.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мәжіліс залында сағат 11⁰⁰ де: **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдеріді жою және берілген ұсыныстарды орындау туралы** жиналыс өткізілді.

КҮН ТӘРТІБІ:

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізген ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша»

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының басшының медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Б.Е.Курманбеков төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен Түлкібас аудандық орталық ауруханасының қызметкерлерінен құралған «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 09.04.2024 жылғы №153 Н/Қ бұйрыққа сай сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыстары жүргізілгендігін, осы талдау жұмыстарының барысында мемлекеттік сатып алу бойынша тәуекелдердің анықталғандығын атап өтті:

1. «Мемлекеттік сатып алу» порталы арқылы алынған тауарларды қабылдап алуды комиссия мүшелері жүргізбеген және хаттама толтырылмаған.
2. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.
3. Мекеме бұйрықтарында ҚР ЕК заңнама талаптары сақталмаған.
4. Қағиданың 1-параграфы 24 тармағында Тапсырыс берушілер немесе сатып алуды ұйымдастырушылар тендерді осы Қағидалардың осы тарауының нормаларына сәйкес өткізеді. Тендер өткізу тәсілімен дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік өтінімдерді қабылдау аяқталатын күннен кемінде күнтізбелік 20 (жиырма) күн бұрын, қайталама тендер кезінде кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсына хабарландыру орналастыру арқылы әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді. Қағиданың бұл талабына сай сатып алу өткізетін денсаулық сақтау ұйымы өзінің сайтына сатып алу туралы хабарландыру жариялайды. Ең алдымен нақты бір денсаулық сақтау ұйымының сайтын табудың өзі оңайға түспейді атап өту керек. Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жұмыс жасайтын мемлекеттік сатып алу веб-порталы сынды барлық сатып алулар туралы хабарландырулар бір сайтқа жинақталып орналастырылмағандықтан кәсіпкерлікпен аналысатын тұлғаларға денсаулық сақтау ұйымдарының сатып алу жөніндегі хабарландару жариялагандарын білулері қиын болады. Қысқаша айтқанда сатып алу туралы

хабарландырулар жалпыға бірдей қолжетімді интернет – ресурстарда орналастырылмайды.

5. Кагиданың 2-параграфы 47 тармағында Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес жасалған тендерлік өтінімді жабық күйінде тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады делінген. Осы талапқа сай тендерге қатысушылар құжаттарын қағаз түрінде, казпочта арқылы немесе конвертке салып тапсырулары тиіс. Қазіргі таңда барлық құжаттар электронды делінген, алайда осы уақытқа дейін қағаз түрінде тапсырылуда мүлдем түсініксіз. Жоғарыда аталған тәсілдің сыбайластыққа жол беретіндігі тендерге қатысушылар бірі – бірлерінің құжаттарының түгелдігін, заңдылығы мен дұрыстығын көре алмайды, ал бұл өз кезегінде тендерлік комиссия мүшелерінің әр – түрлі сыбайластық жағдай туғызатын әрекеттер жасауына әкеліп соғу мүмкіндігін береді деген сөз. Яғни қолма – қол тапсырылатындығы да сыбайластық тәуекелдерін ұлғайтатындығы сөзсіз.

6. Кагиданың 5-параграфы 68 тармағында Тендер қорытындысы шығарылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысқан әлеуетті өнім берушілерге тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсына қорытынды хаттамасын орналастыру арқылы тендердің нәтижесі туралы хабарлайды делінген. Бұл жерде тендер қорытындысының хаттамасы тендерлік комиссия тарапынан қолмен жасақталуы да сыбайластық тәуекелдеріне әкелк мүмкін.

7. Кагиданың 7 тарауының 117 – тармағында Егер сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарттың бағасы тиісті қаржы жылына арналған айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаса, кепілдікті қамтамасыз ету енгізілмейді деп көрсетілген. Жоғарыда аталған мәселері бойынша кагиданың барлық қатысушылардың теңдігін көздейтін маңызды принципке қайшылығы, ол шартқа тұрудан жалтарған және түзілген шартты орындамаған кәсіпкерлерді жосықсыз деп тануды көздемейді.

8. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 12 желтоқсандағы Заңының 12 бабындағы талаптарына сай екі жақты түзілген келісім шартты бойынша орындамаған кәсіпкерлерді жосықсыз деп тану бойынша әрекеттер жасауға міндетті және бұл талапты орындамау тәртіптік шара ғана емес Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 207 бабына сай әкімшілік жазаға да әкіліп соғу мүмкін. Жоғарыда көрсетілгендей міндет қағидада жазылмаған, яғни жеңімпаз болса да шартқа тұрудан бас тартқан немесе түзілген шартты орындаудан бас тартқан, не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) үшін кәсіпкерлерге. Кагиданың талаптарына сүйене отырып, басқа сатып алуларға қатысуға ешбір кедергі келтірместен, олардың жауапкершілігінің төмендеуіне әкелуде. Яғни қағидамен шартқа тұрған кәсіпкерлерге мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тұрған кәсіпкерлермен салыстырғанда артықшылықтар беріп, теңдік принципін бұзады.

9. Мекемеден шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, ішкі құжаттары, хат рәсімдеулері ішінара сақталмаған.

10. «Еңбек мобильдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Түлкібас аудандық мансап орталығы» филиалының жолдамасын бұйрыққа негіздемесіне жазылмағаны туралы анықталды.

Аталған тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындау туралы арнайы іс – шаралар, жоспары қабылданғандығын айтып, осы іс – шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілуі керектігін айтып өтті.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу» порталы арқылы алынған тауарларды қабылдап алуды комиссия мүшелеріне келісім шарттың техникалық ерекшеліктеріне сай толық тексеруді, тиісті хаттамаларын толтыруды. Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін заңнамаларын толықтай талаптары орындауын. Тендер өткізу тәсілімен дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 12 желтоқсандағы Заңының сақтай отырып жұмыс жасауды. Мекемеден шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, ішкі құжаттары, хат рәсімдеулерді мамандар бөліміне қатаң ескерту жасап Түлкібас аудандық мансап орталығы филиалының жолдамасын бұйрыққа негіздемесіне толық жазылуына мамандар бөліміне және С.И.Сексембаеваға мамандар бөлімінің бастығына жүктелсін.

Сонымен бірге **Jumys SmartNation** порталы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралымен жұмыс жасауы бойынша Түлкібас аудандық орталық ауруханасына және қарасты медициналық мекемелеріне **Jumys SmartNation** порталы арқылы бос орындарға орналасу кезінде үміткерлерді тіркелу және бос жұмыс орындарына өтініш жіберу, Жоба функционалы бойынша қадамдық бейне нұсқаулықтар және Үміткерлерге арналған нұсқаулық арқылы жүзеге асырылсын. Басқада жұмыс түріне бос орындарға қабылдау кезінде үміткерлерді іріктеу үшін арнайы комиссия арқылы хаттамамен рәсімдеп заң шеңберінде жүргізуді мамандар бөлімінің басшысы С.Сексембаеваға тапсырылды. Денсаулық сақтау қызметкерлерін іріктеу және жұмысқа қабылдауы бойынша көрсетілетін бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмеуін қамтамасыз етілсін.

Мекемеден шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, ішкі құжаттары, хат рәсімдеулері кәсіпорының бұйрықтар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормаларын сай орындалуын М.Н. Касабековке жүктелсін.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасы бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттар мен регламенттерді қатаң сақтауды және электронды үкімет www.goszakup.gov.kz веб порталы арқылы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін Қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң аясында мерізімінде және сапалы өткізуді қамтамасыз етілсін. Сонымен бірге алдағы уақытта аталмыш кемшіліктерге, заң бұзушылықтарға жол берген мемлекеттік сатып алушы маманы Н.Жумагелдиновке тәртіптік шара беруді ұсынылды. Түлкібас аудандық орталық ауруханасында Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 41 –бабы 1 – тармағына сай жүргізілсін, яғни бәсекелестік ортаның болуы қамтамасыз етуін қадағалауын бас есепші З. Каримбаеваға тапсырылады.

Сонымен бірге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау

мақсатында

әр медициналық мекемелерде тұрақты түрде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу сипатындағы түсіндіру жұмыстарын өткізіп, әлеуметтік желіге жарияланып отырылсын (Facebook Instagram). Аранайы семинар сабақтарын, дөнгелек үстелдер көбірек ұйымдастырылсын. *(Орындау мерзімі: Тұрақты, тоқсан сайын).*

Жиналыс соңында төрағасы Б.Е.Курманбеков: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі — ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Жоғарыдағы аталғандардың негізінде мемлекеттік сатып алу бойынша ұйымдастырушы тарапынан «Мемлекеттік сатып алу» ҚР Заңының 1 – тармағының 41 – бабы, 39 – бабының 3 – тармағын (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларының (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзылуына жол берген. Бұл тұрғыда, Түлкібас аудандық орталық ауруханасы тарапынан, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң аясында, мерзімінде және сапалы түрде өткізуін қамтамасыз етіп, алдағы уақытта кемшіліктерге жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдануы қажет. Жиналыс барысында күн тәртібіндегі мәселемен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қатысты сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зардаптарын жою және олардың алдын-алу мәселелі талқыланып, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте көзделгендігі туралы екенің айтып, таныстырылды.

Жалпы жиналыс күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша жиналыс төрағасы Б.Е.Курманбеков жиналысты қорытындылай келе,

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізген ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдеріне жол берген мемлекеттік сатып алу» порталы арқылы алынған тауарларды қабылдап алуды комиссия мүшелері жүргізбеген және хаттама толтырылмаған үшін комиссия құрамына ауызша ескерту беріліп, мекемеден шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, ішкі құжаттары, хат рәсімдеулерді дұрыс орнындалуына М.Н. Касабековке және заң шеңберінде жүргізуді мамандар бөлімінің басшысы С.Сексембаеваға тапсырылды.

2. Түлкібас аудандық орталық ауруханасында Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 41 – бабы 1 – тармағына сай жүргізілсін, яғни бәсекелестік ортаның болуы қамтамасыз етуін қадағалауын бас есепші 3. Каримбаеваға тапсырылады. Сонымен бірге алдағы уақытта аталмыш кемшіліктерге, заң бұзушылықтарға жол берген мемлекеттік сатып алушы маманы

Н.Жумагелдиновке ауызша тәртіптік шара берілді.

3.Түлкібас аудандық мансап орталығы филиалының жолдамасын бұйрыққа негіздемесіне толық жазылуына мамандар бөліміне және С.И.Сексембаеваға мамандар бөлімінің бастығына жүктелсін.

4.Қазақстан Республикасы «Мемлекттік сатып алу туралы» заңының талаптарының сақталуына тұрақты бақылауын жүргізіп, қызметкерлерге аталған заң бойынша тұрақты құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыру заңгер М.Дуйсенбаевқа тапсырылсын.

Мәжілістің төрағасы:



Б.Е.Курманбеков.

Хатшы:



М.М. Дуйсенбаев.